

Әкімдіктің "2023 жылға арналған пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" 2022 жылғы 17 қарашадағы № 2633 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 17 мамырдағы № 992 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Қостанай қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай қаласы әкімдігінің "2023 жылға арналған пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" 2022 жылғы 17 қарашадағы № 2633 қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

қаулының кіріспесінде "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңына" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

М. Жүндібаев